www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syilyqtarynyń, "Altyn júrek" syilyǵynyń iegeri

№20 /sársenbi/ 22 mamyr 2024 ж.

## ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕРГЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

Мәдениет және ақпарат министрі 2024 жылгы 14 мамырдағы бұйрықпен балалар мен жасөспірімдерге арналган шыгармашылық үйірмелерде мемлекеттік шыгармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қагидаларын бекітті.

Енді шыгармашылық үйірмеге қабылдау кезегі ақпараттық жүйеде автоматты режимде жүргізіледі және баланың және заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), шыгармашылық үйірменің түрі, өтініштің нөмірі мен уақыты, секундтың үлесіне дейін дәлме-дәл, кезектегі реттік нөмірін қамтиды, сондай-ақ ақпараттық жүйе ұсынган мәліметтер негізінде бөлуге арналган орындардың тізімін қамтиды.

Кезек балалардың заңды өкілдерінің берген өтініштері бойынша баланың жас шектеулері ескеріле отырып, өнім берушінің әрбір шыгармашылық үйірмесі бойынша жеке құрылады.

Ішкі істер органдарында есепте тұрган девиантты мінез-құлықты балалар басым тәртіппен ақпараттық жүйеде тіркеледі.

Осы норманы қосу арқылы ережелер "білім туралы" Заңның 47-бабының 5-1-тармагына сәйкес келтірілді.

Бұдан басқа, түзетулермен кезектегі позиция заңды өкілдердің өтінішті қайтарып алуына байланысты немесе ваучерді алу себебінен балалардың кезектен шыгу себебінен кему жагына қарай және ваучерлерді өнім беруші кері қайтарып алган балалардың кезекке оралу себебінен өсу жагына қарай жылжуы көзделеді.

Кезектегі орындармен алмасуга жол берілмейді.

Бұл түзетулер нормативтік құқықтық актіні ақпараттық жүйенің қолданыстагы функционалына сәйкес келтіру үшін енгізілді.

Мәселен, қазір іс жүзінде кезекте баланың және заңды өкілдің аты-жөні, өтініш берілген күні, шыгармашылық үйірменің түрі, кезектегі реттік нөмірі көрсетіледі.

Сонымен қатар, бөлу орындарының тізімі жеткізушілер ұсынган мәліметтер негізінде емес, ақпараттық жүйенің өзі ұсынатын мәліметтер негізінде құрылады.

Нәтижесінде кезекке қою жеткізуші үшін емес, үйірменің белгілі бір түрі үшін жүзеге асырылады.

Бұйрық 2024 жылгы 28 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Zakon.kz.**

## АИДА БАЛАЕВА МАҚТҰМҚҰЛЫ ПЫРАҒЫ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИ СЫЙЛЫҚ ТАҒАЙЫНДАУДЫ ҰСЫНДЫ

Бұл туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы 2024 жыл — түркі әлемінің ұлы ақыны, ойшыл Мақтұмқұлы Пырағы жылы деп жариялады. Оның мерейтойы 2024-2025 жылдары ЮНЕСКО-мен бірге атап өтілетін атаулы күндер тізіміне енді. Мерейтой аясында Түркіменстанда ойшыл Мақтұмқұлы Пырагының туганына 300 жыл толуына орай халықаралық конференция ұйымдастырылды.

Конференцияга 20 елдің мәдениет министрлерімен бірге ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева да қатысты. Аида Балаева құттықтау сөзінде күллі шыгыс әлемінің өскелең ұрпагы мен жастар үшін ақын шыгармаларының рөлі маңызды екенін атап өтті.



«Бүгін біз қарым-қатынасымыздың қарқынды дамып келе жатқанын және мәдени-гуманитарлық салада өзара тыңгылықты жұмыс жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз. Мұның бәрі екі ел көшбасшыларының күш-жігері мен сенімді, достық байланыстарының арқасында екені сөзсіз. Мақтұмқұлы Пырагының мол мұрасы біздің халық үшін аса маңызды. Достықтың символы, қазақ халқының ақынга және оның бүкіл бауырлас түрікмен халқына деген құрметінің бегісі ретінде ел астанасында ұлы ойшылга ескерткіш орнату үшін қажетті жұмыстар жүргізіліп жатыр», - деп атап өтіп, министр Мақтұмқұлы Пырагы атындагы халықаралық әдеби сыйлықты тагайындауды ұсынды.

Аида Балаева әріптестерін тау тұлғалардың шығармашылығын жүйелі түрде насихаттап, олардың шығармашылығы арқылы әлемдік мәдени кеңістікке шығуға шақырды. Айта кетейік, Ашхабадта Түрікмен ақыны Мақтұмқұлы Пырағының ескерткіші ашылды.

Ақын мүсіні 60 метрлік монументалды ескерткіш түрінде тұргызылган. Аталмыш нысан түрлі елдер мен дәуірдегі әлемге әйгілі жазушылар мен ақындардың 24 мүсінін біріктіретін жаңа мәдени-саябақ кешенінің құрамына кірді.

**Түркіменстан.**

## ШЫМКЕНТТЕ ЖАҢА ГҮЛЗАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Мегаполистің микроклиматын қалыптастырып, жасыл желекті көбейту мәселелері қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің тікелей бақылауында.

Бүгін қала басшысы тұргындармен бірге аллеяның ашылуына қатысты. Желтоқсан көшесінде демеушілер есебінен салынган демалыс аймагының жалпы ауданы шамамен төрт мың шаршы метрді құрайды. Халыққа ыңгайлы болу үшін жаяу жүргіншілер жолының бойында заманауи жарықтандыру шамдары, орындықтар, шагын сәулет нысандары орнатылды, сондай-ақ суармалы көгалдар қарастырылып, жасыл желектер отыргызылды. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша қазіргі уақытта Еңбекші ауданында тагы бір сквердің құрылысы жүргізілуде.

Жібек жолы, Сайрам көшелерінің қиылысында жаңа серуендеу аймагы пайда болады. Бұл жоба да бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жүзеге асырылады.

**Шолушы.**

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА 30 ІШІМДІКТЕН БАС ТАРТҚАН АУЫЛ БАР

Түркістан облысында ішімдіктен бас тартқан ауылдар саны жыл сайын артып келеді. Бүгінде облыста 30-га жуық ауыл ішімдіктен мүлдем бас тартқан. Осы қатарга биыл Сайрам ауданындагы Ханқорган ауылы еніп отыр. Игі бастама - ауыл ақсақалдары мен ел агаларының бастамаларымен қолга алынган. Сайрам ауданы әкімінің орынбасары М.Әліпов Ханқорган ауылының тұргындарымен кездесіп, ауыл жастарының салауатты өмір салтына деген қызыгушылыгы артқанын айтты. Жалпы Сайрам ауданы бойынша ішімдіксіз ауыл саны 10-га жетіп отыр. Олардың қатарында Шіркін, Ошақты, Құрлық, Таскешу, Әсіларық, Сарыарық, Тоган, Теспе, Ханқорган, Құтарыс ауылдары бар.

Бұдан бөлек, Арыс қаласындагы - Дермене, Теміржолшы, Орманды, 40-разъезд, Бәйдібек ауданындагы - Түйетас, Жетісай ауданындагы - Алмалы, Келес ауданындагы — Шұқырсай, Мақташы, ал Мақтаарал ауданындагы — Табысты, Ордабасы ауданындагы - Аққойлы, Жусансай, Төреарық және Көлтоган ауылдары, сондай-ақ Отырар ауданындагы — Қаргалы, Сауран ауданындагы — Жүйнек, Шекербұлақ, Төлеби ауданындагы - Алгабас, Оңтүстік және Диханкөл, Қазыгұрт ауданындагы — Шарбұлақ ауылы ішімдіксіз ауылдардың қатарына қосылган.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## МАҚТААРАЛДА ҚҰС ЕТІН ӨНДІРЕТІН ІРІ ФАБРИКА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Мақтаарал ауданында жылына 5 мың тонна құс етін өндіретін фабрика іске қосылды. «Мырзашөл-құс» ЖШС-ң құс фабрикасы - ауылшаруашылыгы өнімдерін терең өңдеуді дамытуга бағытталган жобаларды жүзеге асыру мақсатында құрылган. Сондай-ақ, өндіріс орны - азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өңір тұргындарын құс етімен, жұмыртқамен қамтуга бағытталган.

Жобаның І кезеңі бойынша 10 мың бас етті «Бройлер» тауыгының балапандары өсірілуде.

«Фабриканы барлық стандарттарга сай жасақтап жатырмыз. Құстарга жем, су беру толық автоматтандырылган. Мақсатымыз - халыққа сапалы, жогары сұрыпты құс өнімдерін ұсыну. Бүгін жобаның I-кезеңін іске қосып отырмыз. Фабрикамыздагы құстар гармондық қоспаларсыз, өсу стимуляторлары қолданылмай, генетикалық түрлендіргіш заттарсыз өсіріледі. Алдагы уақытта фабрикамызды үлкейтіп, бірнеше кезең бойынша өнім санын да арттырмақшымыз. Қазіргі таңда 5 жергілікті тұргын тұрақты жұмыспен қамтылган. Жалпы жобаның IV кезеңінде жұмысшылар саны 15-ке жететін болады» - деді, фабриканың басшысы Қасымхан Муталиев.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

## А.БАЙТҰРСЫНОВ ТУРАЛЫ ЖАҢА ФИЛЬМ ЖАРЫҚҚА ШЫҒАДЫ



23 мамырдан бастап еліміздің кинотеатрларында «Соңғы үкім» толықметражды көркем фильмі көрсетіледі. Фильмде Ресейимпериясы мен Еуропаның айтулы университеттерін тәмамдаған білімпаз қазақ зиялыларының алғашқы толқыны ұстаз деп мойындаған бастауыш сынып мұғалімінің өмір жолы туралы баяндалады, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің баспасөз қызметі.

Фильмде Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін салып, ХХ ғасырдың бас шеніндегі ірі түрколог ғалымдар оны қалай тең тұтқаны көрсетіледі.

Сондай-ақ бұл фильм өлім тәнін алса да,бірақ өзін ешқашан жоғалтпай, істеген барлық істері келер ұрпақтың игілігіне айналады деп сенген Ахметтің өмірінің соңғы сәттерінен сыр шертеді. Кинотуындыны Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен «Folklore media» студиясы түсірді.

Фильм Алматы, Семей қалалары мен Абай, Алматы, Жетісу облыстарының жерінде түсірілді. 2024 жылдың 23 мамырынан бастап еліміздің барлық кинотеатрларынан «Соңғы үкім» фильмін көріңіздер.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ХҚКО-ҒА КЕЗЕКТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТАЛОНДАРЫН АЛУДЫ ЖӨН КӨРЕДІ

Кезектің электрондық талондарын алу сервисі 2022 жылдың сәуір айында енгізілді, өткен жылы 60 мыңнан астам талон алынған. Соңғы 5 айда бұл көрсеткіш айтарлықтай өсті: 2023 жылдың желтоқсанында пайдаланушылар 3 мыңға жуық талон алса, ал сәуірде — 12 жарым мыңнан астам талон алынған.

Айта кетейік, кезектің электрондық талонын "ХҚКО" қосымшасы арқылы ресепшн бағанындағы QR-кодты сканерлеу арқылы алуға болады. Ол үшін қосымша арқылы халыққа қызмет көрсету орталығына алдын ала онлайн брондау рәсімделуі қажет. Сондай-ақ, қызмет екінші деңгейлі банктің қосымшаларының бірінде қолжетімді.

"Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бүгінгі таңда көптеген қызметтерді үйден шықпай-ақ онлайн режимінде алуға болады. Егер тек ХҚКО-да көрсетілетін қызмет болса, онда кезекті алдын ала брондап, жазылған уақытта келуге болады. Бұл жағдайда ресепшендегі маманға жүгінудің қажеті жоқ. Азамат кезектің электрондық талонын өз бетінше ала алады. Осылайша, сіз көрсетілетін қызметті алушылардың уақытын ғана емес, сонымен қатар талондарды шығаруға кететін қағазды да үнемдей аласыз", - деді Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы Арман Кенжегалиев.



Электрондық талондарды жиі қолданатын үш ХҚКО Алматы қаласының Медеу ауданында, Түркістан облысының Сайрам ауданында және Қарағанды қаласының Чкалов көшесінде орналасқан.

2024 жылы "Азаматтарға арналған үкімет" "ХҚКО " мобильдік қосымшасын қолдану тәжірибесін талдап, оны клиенттерге ыңғайлы болу үшін қайта өзгертуге ниетті. Қазіргі уақытта қосымшаның негізгі функциялары — кезекті электронды брондау және ХҚКО операторының бейнеқоңырауы арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету болып табылады.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## СУ ҚОЙМАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ?



Елімізге Ресей Федерациясы аумағынан су келіп жатыр. Атырау қаласында Жайық өзенінің деңгейі - 573 см, Атырау облысының Махамбет ауылында — 1015 см. Жайық өзенінің деңгейі одан әрі төмендейді деп күтілуде. «Қазсушар» мекемесінің жергілікті филиалының мамандары тасқын суын өткізу жұмысын жалғастыруда, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Батыс Қазақстан облысының төрт ірі су қоймасы 96%-ға толды. Олардың барлығы штаттық кестеге сай жұмыс істейді. Аймақта су тасқынының екінші кезеңі жалғасуда.

Ақмола облысындағы екі ірі су қоймасы 100%-ға толы. Екі нысан да штаттық кестеге сай жұмыс істейді.

Солтүстік Қазақстан облысындағы 2 ірі су қоймасы 100%-ға толы. Есіл өзенінде су тасқынының екінші кезеңі жалғасып жатыр.

Ақтөбе облысындағы екі ірі су қоймасының орташа су жинау көрсеткіші 95%. Екі нысан да штаттық кестеге сай жұмыс істейді. Шығыс Қазақстан облысында екі ірі су қоймасы бойынша орташа су жинау көрсеткіші 86,6%. Аймақта су тасқыны жалғасуда.

Абай облысындағы Шүлбі су қоймасы 68,3%-ға толды. Аймақта су тасқыны жалғасуда. Ертіс каскадының барлық су қоймалары штаттық кестеге сай жұмыс істейді.

Қарағанды облысындағы 3 ірі су қоймасы 99,7%-ға толы. Олардың барлығы штаттық кесте аясында жұмыс істеп тұр.

Қостанай облысында екі ірі су қоймасының орташа су жинау көрсеткіші 92%. Екі нысан да штаттық кестеге сай жұмыс істейді.

Су қоймаларында «Қазсушар» мамандарының кезекшілігі және су шаруашылығы жағдайының мониторингі жалғасуда. Су қоймаларына жиналған тасқын суы ауылшаруашылығы мен өнеркәсіпте пайдалану үшін жіберіледі.

**Астана.**

## ЖОО ҮЗДІК АЯҚТАҒАН ТҮЛЕКТЕР МЕМҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРССЫЗ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Мемлекеттік грантпен жоғарғы оқу орындарын үздік аяқтаған түлектер (GPA 3.33-тен жоғары) оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде аудандық, ауылдық деңгейдегі төменгі лауазымдарға конкурстық іріктеусіз қабылдана алады.

Бүгінде, Республикада 140-тан астам түлек аудандық, ауылдық деңгейдегі төменгі және басшылық емес лауазымдарға конкурстық іріктеусіз қабылданса, оның 8-і Түркістан облысына тиесілі. Олар, Түркістан облысының Бәйдібек, Түлкібас, Ордабасы, Сауран, Сайрам аудандары мен Кентау қаласындағы төменгі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қабылданған.

Осы орайда, жоғарғы оқу орнын GPA 3.33-тен жоғары балмен үздік аяқтаған түлектерді мемлекеттік қызметтегі жаңашылдықтарды пайдалана отырып мемлекеттік қызметте жұмыс жасауға шақырамыз.

**Түркістан.**

## ІІМ ТҮЛЕКТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

ІІМ түлектер мен олардың ата-аналарына үндеу жасады.

— Құрметті ата-аналар мен түлектер!

25 мамырда еліміздің барлық мектептерінде оқу жылының аяқталуына арналған сынып сағаттары өткізіледі. Салтанатты іс-шаралар барысында полиция органдары қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қабылдайтын болады. Ішкі істер министрінің тапсырмасы бойынша әрбір оқу орнына жасақталған полиция қызметкері бекітілді. Патрульдік нарядтар іс-шаралар өткізілетін орындарға барынша жақын болады.

Соңғы жылдардағы тәжірибеге сүйенсек, мектептердегі "соңғы қоңыраулар" аяқталғаннан кейін ата-аналардың рұқсатымен көптеген түлектер іс-шараларды өз бетінше жалғастырады. Өкінішке орай, жасөспірімдердің көлік тізгіндеуі қайғылы оқиғаларға әкеліп жатады. Өткен жылы мұндай фактілер Жамбыл, Атырау облыстары мен Алматы қаласында орын алды.

Одан бөлек, ата-аналардың бақылауынсыз балалар тыйым салынған жерлерде суға түсіп жатады. Былтыр Ақмола, Маңғыстау және Атырау облыстарындағы су айдындарының шомылуға жабдықталмаған жерлерінде жасөспірімдердің суға кету жағдайлары тіркелді.

Осыны ескере отырып, ата-аналар мен түлектерді мінез-құлықтың қажетті нормалары мен ережелерін сақтауға шақырамыз. Құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда дереу 102 арнасына, ал төтенше жағдайлар туындаған кезде 112 нөміріне хабарласуды сұраймыз, — деді департамент бастығы — ІІМ ресми өкілі Шыңғыс Алекешев.

**Елорда.**

## ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА 100 БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ

ҚР Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Келісім шеңберінде 2024 жылдың 20 мамыры Тәжікстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға құжаттарды қабылдау басталады.

тініштер «Электрондық үкімет» порталы — eGov.kz арқылы онлайн режимінде немесе 2024 жылдың 20 мамыры сағат 9:00-ден 2024 жылдың 31 мамыры сағат 18:30-ға дейін Астана қаласындағы ХБО кеңсесінде қабылданады.

Қазақстан азаматтарына 100 грант бөлінді:

-техникалық мамандықтар бойынша — 50 орын (бакалавриат — 40, магистратура — 10);

-медициналық мамандықтар бойынша — 5 орын (бакалавриат/маман дәрежесі/интернатура);

- гуманитарлық және экономикалық мамандықтар бойынша — 45 орын (бакалавриат — 35, магистратура — 10).

Грант келесі шығындарды қамтиды:

* тегін білім беру;

* мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес ай сайынғы стипендия;

* медициналық қызмет көрсету.

Қалған шығындарды, соның ішінде көлік және тұру шығындарын грант иегері өз бетінше өтейді.

Оқыту тілі — тәжік/орыс.

Қажетті құжаттар туралы қосымша ақпаратпен, құжаттарды тапсыру жөніндегі нұсқаулықпен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ bolashak.gov.kz сайтында танысуға болады.

## АУРУЛАРДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ ТЕГІН БОЛАДЫ

МӘМС сақтандыру мәртебесіне қарамастан, әлеуметтік мәні бар ауруларды диагностикалау тегін болады.

Бұл жаңалық халықтың осы тобы үшін медициналық көмекке қолжетімділікті кеңейтеді, медициналық көмекті уақтылы алуға және патологияларды ерте сатысында анықтауға мүмкіндік береді.




Егер қазір сақтандырылмаған азаматтарға тек туберкулезге және АИТВ инфекциясына күдік болған жағдайда ғана қызметтер қолжетімді болса, онда нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін диагностика онкологиялық ауруларға, созылмалы гепатиттеріне және психикалық ауруларға күдік болған кезде қолжетімді болады.

# ӘКІМ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА ДЕН ҚОЮДЫ ТАПСЫРДЫ



Қала басшысы Ғабит Сыздықбековтың қатысуымен өткен аппараттық мәжілісте Қаратау ауданы тұрғындарымен кездесулердегі хаттамалық тапсырмалардың орындалуы және су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары баяндалды. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында атқарылған жұмыстармен қатар кенелерге қарсы санитарлық өңдеу шаралары талқыланды.

Аудан әкімі Р.Мүлкеманов халықпен кездесулерде көтерілген жол, қоғамдық көлік, инфрақұрылым, көгалдандыруға қатысты мәселелердің шешімін жеткізді. Қала басшысы халықпен кері байланысты нығайтып, аталған проблемаларды оңтайлы шешуді тапсырды.

Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Қ. Базарбаев су айдындарындағы қауіпсіздікті қамту бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады. Бұл ретте жауаптыларға қауіпті су айдындарында арнайы белгілер орнату бойынша және қала аумағындағы барлық су бұрқақтардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде нақты тапсырмалар берілді.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының басшысының міндетін атқарушы Т.Мекамбаев кенелерге қарсы санитарлық өңдеу шараларын жеткізді. Сала басшысына бұл ретте саябақтарда залалсыздандыру жұмыстарын атқару тапсырылды.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында 142 мыңнан аса адам, 962 өндірістік пен кәсіпкерлік нысан, 603 әлеуметтік нысан қатысты, 6311 бірлік техника жұмылдырылды. Науқан барысында 6 мың шақырымнан астам көше, 5 мың шақырымнан астам аяқ жол, 724 шақырымнан астам ирригациялық жүйе, канал мен арық тазаланып, нәтижесінде 5671 тонна қоқыс шығарылды.

Қала әкімі тиісті сала басшысына тазалық жұмыстарын тоқтатпай, алдағы уақытта да осы бағыттағы шараларды жүйелі атқаруды тапсырды. Сонымен қатар, басқарма басшылары мен аудан әкімдеріне халыққа берілген барлық уәделерді дер кезенде орындау қажеттігін ескертті.

# ЖАЛДАМАЛЫ БАСПАНАНЫҢ ӨЗІНДІК ТӘРТІБІ БАР

Шымкентте сатып алу құқығынсыз жалдамалы баспанамен қамтылған жалға алушылармен келісімшартты біржақты бұзу мәселесі қаралып жатыр. Қалалық тұрғын үй басқармасы мен учаскелік полиция қызметкерлері мониторинг барысында 189 орам №20 үйдің екі пәтері мақсатсыз пайдаланғанын анықтады. Жалдау шартына сәйкес пәтерді үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады. Жалға алушылар белгіленген мерзім аяқталғанша мақсатты пайдалануды жүзеге асырмаса, тұрғын үйден шығару жөнінде сот органдарына талап арыз беру жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы, бүгінде қалада 50 314 азамат тұрғын үй кезегінде тұр. ткен жылы 519 арендалық пәтер кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал тобы, көпбалалылар, жетім балаларға, мемлекеттік және бюджеттік ұйым қызметкерлеріне және 900 пәтер жұмыс істеп жүрген жастарға табысталды.

Айта кетейік, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін пәтерді жалдау шартының талаптары сақталуы міндетті. Бұл бойынша мониторинг жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырады.

# АСҚАЗАН-ІШЕК ЖОЛДАРЫ АУРУЛАРЫ



Асқазан-ішек жолдарының ауруларында асқазанның және он екі елі ішектің патологиялары жетекші рөл атқарады. Оларға гастрит, асқазан жарасы және ісіктер жатады. Гастрит, ойық жара және асқазан қатерлі ісігінің пайда болуында жетекші рөлді Helicobacter pylori бактериясы атқарады. Ол қабынудың дамуымен асқазанның шырышты қабығының қорғаныш қасиеттерінің бұзылуына ықпал етеді. Қосымша стресс, дұрыс тамақтанбау (артық тамақтану, аштық), зиянды әдеттер, күшті әсер ететін тағамдарды тұтыну (кофе, қою шай, дәрі-дәрмектер, алкоголь, ащы және майлы тағамдар) жатады.

Асқазан-ішек жолдары ауруларының белгілері:

Көбіне симптомдар аурудың сипатына байланысты болады. Дегенмен бірқатар ауруға тән жалпы белгілер де бар: эпигастрий аймағының, іштің әртүрлі жерлерде ауыруы, кекіру, жүрек айну және құсу, диареямен бірге жүретін ас қорытудың бұзылуы, іш кебу және метеоризм.

Асқазан-ішек жолдары ауруларының диагностикасы.

1.Helicobacter pylori бактериясын анықтау.

2. Асқазан ішілік pH-метрия.

3. Фиброгастродуоденоскопия (ФГДС)

4. Ультрадыбыстық зерттеу.

Асқазан-ішек жолдарының кез келген ауруын емдеу және диагностикалау дәрігермен жүргізілуі керек.

Асқазан-ішек жолдарының ауруларының алдын алу

Бөліп тамақтану — кішкене бөлікпен, күніне 4 ретке дейін, темекі, алкоголь секілді зиянды әдеттерден бас тарту, қолды, жемістерді және басқа да өнімдерді мұқият жуу, ауырлықты сезінбейтіндей деңгейде қалыпты мөлшерде тамақтану және ұзақ уақыт аш күйде жүрмеу, салмақты бақылау, артық салмақтан біртіндеп және қатаң диеталарсыз арылу, таза ауада серуендеу, демалу және толық 8 сағаттық ұйқы, жаяу серуендеу, стрестік жағдайларды азайту, профилактикалық тексерулер үшін дәрігерге қаралу.

**Қазыбек БҮРКІТБАЕВ,**
*«Студенттік емхана» ЖШС — ның Жалпы тәжірибелі дәрігері.*

# ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ШИПАЖАЙҒА ЖОЛДАМА



Шипажайға кезек geo-shym.kz порталы арқылы жүзеге асырылады. Цифрландыру бағдарламасы шеңберінде биыл іске қосылған арнайы порталда зейнеткерлер шипажай кезегіне онлайн тұрумен қатар кезек ретін бақылай алады.

Қазір қалада 92 210 зейнеткер тұрады. Оның ішінде 2 ҰОС ардагері мен 1 841 тыл еңбеккері бар. Қалалық мәслихаттың шешімімен жыл сайын 5 мың зейнеткерге шипажайға жолдама беріледі. ткен жылдың қараша айынан бастап «Ізетті зейнеткер» сауықтыру кешені іске қосылып, жылына тағы 2 мыңнан астам зейнеткерді шипажаймен қамту мүмкіндігі туып отыр.

Осыған дейін азаматтарға шипажайларға кезекке тұру үшін қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына бару міндеттелген болса, қазір өтініштер geo-shym.kz порталы арқылы жолдануда.

Жыл сайын сауықтыру орындарында ем қабылдауға 13 мыңға жуық зейнеткерден өтінім түседі. Биыл сауықтыру шараларын ұйымдастыру мақсатында 4 шипажаймен мемлекеттік сатып алу шарты түзілді. Жамбыл облысындағы «Айша-Бибі», Түркістан облысы Сайрам ауданындағы «Ақсу демі», Жетісай ауданындағы «Құлпаршын» және Шымкент қаласындағы «Денсаулық» шипажайларына жолдама берілуде.

# ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕГІ АЗАМАТТАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс Министрлігінің тапсырмасына сәйкес Шымкент қаласының KEZEKTE.KZ деректер қорында кезекте тіркелген кейбір азаматтарға құжаттарын жаңарту бойынша СМС-ХАБАРЛАМАЛАР жолдануда.

Егер Сіз:

осыған дейін кезектен шығарылған болсаңыз;

тұрғын үймен қамтылған болсаңыз басқармаға келудің қажеті жоқ.

Егер Сіз:

тұрғын үй кезегінде тұрып, хабарлама алған болсаңыз құжат жаңарту қажеттелігіне қарай алдымен төменде көрсетілген вацап нөмірлерге ЖСН нөмірлеріңізді жолдай отырып,ақпарат ала аласыздар:

**8 702 139 65 76**
**8 778 058 73 53**

Сала мамандары келіп түскен өтініштердің ауқымдылығына қарай қысқа уақытта Сіздердің хабарламаларыңызға жауап береді

# ЖАҢА АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бүгін қала әкімі Ғабит Сыздықбеков жергілікті тұрғындармен бірге «Сайрам» тұрғын алабында құрылысы аяқталған ауыз су жүйесін іске қосу шарасына қатысты. Бұған дейін елдімекеннің 19 мыңға жуық тұрғыны жазда ауыз су тапшылығын көріп келген болатын.

Мегаполис басшысының тапсырмасы бойынша халыққа сапалы қызмет көрсетуді жеделдету мақсатында нысан жазғы кезең басталмай тұрып пайдалануға берілді.

Айта кетейік, бұған дейін абоненттер ауыз суды жекеменшік компаниядан кесте бойынша тұтынып келген.

Ал, бүгіннен бастап тұрғын алап халқы ауыз суға қосылуға өтінім бере алады. Алдағы уақытта "Құрсай" шағын ауданының тұрғындарын да толық тіршілік нәрімен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

# ТЕННИСТЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ІРІКТЕУ ТУРНИРІ БАСТАЛДЫ




Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков жастар арасындағы әлем чемпионатына іріктеу бойынша Дэвис кубогы кезеңінің ұлдар арасындағы сайысының ашылу рәсіміне қатысты. Ұлттық теннис орталығында өтіп жатқан Junior Davis Cup Азия/Океания аймағының іріктеу жарысында 16 жасқа дейінгі кіл мықты жасөспірімдер бақ сынасуда.

Әлем чемпионатына іріктеу қаламызда екінші рет өтуде. Жасөспірім ұлдар арасындағы іріктеуде Шымкент, Алматы қалалары мен Түркістан облысының спортшылары ел намысын қорғайды. Турнирге Аустралия, Қытай, Гонконг, Үндістан, Индонезия, Жапония, Оңтүстік Корея, Жаңа Зеландия, Таиланд, Вьетнам, збекстан, Иордания, Шри-ланка командалары қатысуда.

Бетті жинақтап дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

# ОТБАСЫНЫҢ ӨНЕГЕСІ – ӨТАН ОНЕГЕСІ



15-мамырда бүкіл әлем жұртшылығы халықаралық отбасы күнін атап өтеді. 1993 жылдан БҰҰ Бас Ассамблеясының қарауымен бекітілген. Бұл күнді белгілеу әлемдік қауымдастықтың отбасының қазіргі жағдайы мен оның қоғам өміріндегі және өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына алаңдаушылық туғызуына орай жүзеге асырылған.

Осы орайда, 15 мамыр бүкіл Қазақстан көлемінде отбасы күні аталып өтіледі. Шараның бастауы білім бұлағы кітапқа деген қызығушылығы жоғары отбасылардан басталды. «Фараб» кітапханасында «Оқырман отбасы» отбасылық бенефис өтті. Шараға кітапхананың тұрақты оқырмандары Абдулпатта және Әжібековтер әулетінің өкілдері қатысты.



Оқырмандардың отбасымен бірлесе кітап оқуы балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырады. Мерекелік шарада отбасы мүшелері кітап оқудың отбасындағы сүйіспеншілігі мен бірлігін арттыруға, тиімді уақыт өткізуге үлесі көп екендігін, балалардың жаңа кітапты асқан қызығушылықпен таңдайтындығын жеткізді. Белсенді оқырмандар кітап жайлы отбасы жайлы өлең оқып кештің көркін кіргізді. Арнайы кітап көрмесі жасақталып, кешке қатысушыларға таныстырылды. Шараның маңыздылығы отбасы құндылығын насихаттау еді.

Отбасы - сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның діңгегі. Отбасының аман-саулығы - әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі.

Отбасы — табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын ,адамгершілігін , мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы — алғашқы қадам.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім — жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырамыз. Ал отбасымен ортақ жасалған жұмыс әр қашанда өнімді. Оның дәлелі "Оқырман отбасы" бенефисі. Онда отбасылардың ауыз бірлігі мен татулығы айқын көрінеді.

Түркістан облысында көпбалалы отбасы саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Халықаралық отбасы күніне орай, Бәйдібек ауданында көпбалалы аналарға мемлекеттік наградa табысталды.

Аудан әкімінің орынбасары Бағдат Жангазиев алтын құрсақты аналарды қабылдап, ҚР Президентінің Жарлығымен марапатталған ауданның көпбалалы аналарына «Алтын алқа» және «Күміс алқа» марапаттарын табыстады. Аудан тұрғындары арасынан 12 ана «Алтын алқа» төсбелгісімен, 31 ана «Күміс алқа» төсбелгісімен марапатталды. Жалпы 43 ана марапатқа ие болды.

Айта кетейік, Бәйдібек ауданында 550-ге жуық «Алтын алқа» иегері және 1300-ден аса «Күміс алқа» иеленген аналар тұрады. Сонымен қатар 145 «Батыр ана» мен 200-ге жуық I-II дәрежелі «Ана даңқы» орденderімен марапатталғандар бар. 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көпбаласы бар аналар саны — 2958.

Сондай-ақ, Бәйдібек ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Халықаралық Отбасы күніне орай «Шаттыққа толы шаңырақ» атты отбасылық сайыс өткізілді.

Отбасылық жарысқа аудан әкімінің орынбасары Бағдат Пердебайұлы және Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшы орынбасары Пердебек Сержанұлы қатысып, жас отбасыларды мерекемен құттықтады.

Сайысқа 10-ға жуық жас отбасы қатысып, өзара бақ сынасты. Жалпы жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды Таевтар отбасы жеңіп алды. Ал, 2-орынға Орынбеков отбасы жайғасса, 3-орынды Эшмурзаевтар отбасы иемденді. Сондай-ақ «Көрермен көзайымы», «Үлгілі отбасы», «Білімді отбасы» тағы басқа номинациялармен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыстады.

Жыл сайын 15 мамырда бүкіл әлем жұртшылығы БҰҰ бекіткен халықаралық отбасылар күнін атап өтеді. Осыған орай, «Азаматтарға арналған үкімет» арнайы статистика дайындады.

Мемлекеттік корпорация 10 айда 103 мыңнан астам неке тіркеген, ал 2024 жылдың басынан бері 40 мың жаңа отбасы құрылды. Неке саны бойынша көш бастап тұрған Алматы, Астана және Шымкент қалалары. Сондай-ақ, 2023 жылдың шілдесінен бастап еліміздің 328 мың азаматының тууы тіркелді.

Қазіргі таңда «Азаматтарға арналған үкімет» Астанада, Қарағандыда, Алматыда және Қостанайда некені салтанатты түрде тіркейді және бұл қызметті басқа қалаларда енгізуді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, баланың туыын салтанатты тіркеуді енгізу жоспарлануда. Қазірдің өзінде туу туралы куәліктерді жеткізу және оларды ата-аналарына тікелей перзентханаларда табыстау бойынша Астананың медициналық мекемелерімен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Елордадағы пилоттық жоба сұранысқа ие болған жағдайда, жоба ауқымы кеңейетін болады.

# МУЗЕЙ КҮНІ ӨЛКЕТАНУ



Мұражайлар біздің қоғамның әл-ауқаты мен тұрақты дамуына маңызды үлес қосады. Көненің көзі болып табылатын мұражайларға азаматтар сенім арту арқылы өздерінің болашақ дамуына әлеуметтік өмірдің тірегі ретінде қарастырады. Бұл оларды кезеңді оң өзгерістердің әлеуетті агентіне айналдырады.

Жыл сайын 18 мамырда әртүрлі елдердің мұражай қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесі — Халықаралық мұражай күнін атап өтеді. Бұл күнтізбеде 1977 жылы Халықаралық мұражайлар кеңесінің (ICOM) кезекті отырысында ресейлік ұйымның осы мәдени мерекені құру туралы ұсынысы қабылданған кезде пайда болды. Ал 1978 жылдан бастап бүкіл әлемде Халықаралық мұражай күні аталып өтіледі.

ИКОМ бойынша мұражайлар қоғамға және оның дамуына қызмет ететін институттар болып табылады. Ал 1946 жылы құрылған ИКОМның өзі музейлер мен музей мамандарын ұсынатын жаһандық ұйым. Оның қызметі өткен және болашақ, материалдық және материалдық емес табиғи және мәдени мұраларды қорғауға және танымал етуге бағытталған. Бүгінде бұл ұйымның мүшелері 138 елден 45 мыңға жуық мүше.

ICOM экс-президенті Жак Пероттың айтуынша, «мұражайлар қоғамның жүрегінен орын алып, жұртшылық үшін ашық болуы керек. Біздің институттардың дамуы көп жағдайда қоғамның көмегіне байланысты және біз оларға біздің мақсаттарымызды қолдауға және жұмысымызға қатысуға мүмкіндік беруіміз керек. Сондықтан мұражайлар мен қоғам шығармашылық пен инновация рухында бірлесіп жұмыс істеуі қажет», дейді.

Мұражайлар - мәдени алмасудың, мәдениеттерді байытудың және адамдар арасындағы өзара түсіністікті, ынтымақтастықты және бейбітшілікті дамытудың маңызды құралы болып табылады. Аталмыш мерекенің маңыздылығын ескере отырып, «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы да атаулы датаны ауқымды етіп өткізді.

Екі күнге созылған шараның алғашқы күні Ясауи музейінің Конференция залында мектеп оқушылары арасында «Сыр сандық» интеллектуалдық сайысы өтті. Сайысты «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы директорының ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары т.ғ.к., профессор М.Тастанбеков ашып, барша қатысушыларды халықаралық мерекемен құттықтап, оқушыларға сәттілік тіледі. Директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары т.ғ.к., профессор М.Тастанбеков, Қор сақтау және есепке алу бөлімінің басшысы Н.Әшірбекова, Ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы Б.Байболов сайысқа қазылық жасады. Командалық сайысқа қаладағы Ә.Науаи атындағы мектеп-гимназиясы, Н.Пошанов атындағы жалпы орта мектебі, С.Рахимов атындағы жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушылары қатысты. Сайыс сұрақ-жауап түрінде өткізілді. Командалар Лувр (Франция, Париж), Метрополитен (АҚШ, Нью-Йорк), Эрмитаж (Ресей, Санкт-Петербург) командалары болып сайысқа түсті. Сыр сандықта он бес сұрақ жасырылып, әр команда кезек-кезегімен сұрақтарға жауап берді. Сайыстың қорытындысы бойынша Н.Пошанов атындағы жалпы мектебінің Лувр (Франция, Париж) командасы 30 ұпай жинап, бірінші орынға ие болса, Ә.Науаи атындағы жалпы орта мектебінің Эрмитаж (Ресей, Санкт-Петербург) командамасы 25 ұпай жинап екінші орынға тұрақтады, С.Рахимов атындағы жалпы орта мектебінің Метрополитен (АҚШ, Нью-Йорк) командасы 15 ұпай жинап үшінші орынға ие болды. Жеңімпаз командалар мен жүлдегерлерге ұйымдастырушылар тарапынан сый-сияпаттар мен арнайы дипломдар табысталды.

Сондай-ақ, мерекеге орай «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының ұйымдастыруымен Жұма мешіті музейінде «Музейге сый» акциясы өтті. Мәдени-көпшілік шараның шымылдығын «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының директоры М.Садықбеков ашып, дүйім жұртты 18 мамыр — Халықаралық музейлер күнімен құттықтап, музейге сый акциясының мақсаты мен міндеттеріне тоқталып, музей қорына жәдігерлерін өткізген қонақтарды арнайы алғыс хатпен марапаттады. Аталмыш шарада т.ғ.д., профессор М.Қожа мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Жәнібековтің Түркістан облысы, Созақ ауданында өткен жиналыста түскен бірегей фотосуреті мен нағашы әжесінің киіз бетіне ою салған ер тоқымын музей қорына сыйға тартты. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының алғашқы қор сақтаушысы әрі директоры қызметін атқарған О.Дастановтың зайыбы Ж.Орынбасарова музей қорын құнды кітаптармен, бірегей фотосуреттермен толықтырды. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылынан арнайы келген А.Шоңғараев бабаларынан қалған құнды қолжазба кітаптарды сыйлады. Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты «Археология» ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері



# «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

18 мамыр — Халықаралық музей күніне орай «Музей — тарих айнасы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Шараға Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасы басшысы Әзімхан Қойлыбаев қатысып, сала қызметкерлерін құттықтады.

— Музей мәдениеттің айнасы іспетті. йткені кез келген елдің тарихын білу үшін музейіне бару жеткілікті. Онда мәдениетімен танысамыз. Сондықтан музей қызметкерлері бір орында тұрып қалмауы керек. Түрлі көрмелерге қатысып, білім алып, тәжірибе арттыру маңызды. Әріптестер, осынау мереке құтты болсын. Отбасыларыңызға амандық, шығармашылық ізденіс, кәсіби даму тілеймін, — деген басқарма басшысы бірқатар музей қызметкерлеріне алғыс хат табыстады.

Шара барысында облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысып, өңірде этносаралық татулық пен келісімді сақтауға және мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға белсене қатысқаны үшін орталықтың бір топ қызметкерлері Қоғамдық даму басқармасының басшысы Ерлан Күзембаевтың алғыс хатымен марапатталды.

Күні бойы жалғасқан шарада Облыстық білім басқармасына қарасты «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің үйірме жетекшілері мен шәкірттері өнер көрсетті. Сондай-ақ саурандық өнерпаздармен қатар, қалалық мәдениет үйінің әншілері көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Орталыққа қарасты музей филиалдары да шараға атсалысып, көрме жасақтады.

# АКЦИЯ АЯСЫНДА ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ КЕШ ӨТТІ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Мәдениет комитетінің «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК-ның ұйымдастыруымен «Халықаралық музейлер күні» кәсіби мерекесіне орай, « МУЗЕЙ ТҮНІ — 2024» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА «ОТЫРАР — ТАРИХ КЕНІШІ» тақырыбында тарихи-танымдық кеш өтті.

Мақсаты — көпшіліктің қызығушылығын, музей құндылықтарына деген халықтың ыстық ықыласын арттырып, қатысушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, адам өмірінде және қоғамда музейдің алар орнының маңыздылығын түсіндіру.

Шараның шымылдығын «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК-ы директоры Айбек Жандосов ашып беріп, этнограф, ардагер Абдулла Жұмашев, өлкетанушы Бекжан Бейсенбай сынды құрметті қонақтар ұйымдастырушылар тарапына алғысын айтып, ыстық ықыласын жеткізді.

Тарихи-танымдық кеште музей экспозиция залында алқашқы қауым, яғни, тас ғасыры тұсындағы адамзат тіршілігі, қазақ халқының XIX-XX ғасырдағы тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ағаш шеберлері мен темір ұсталарының көрінісі, қолөнер шеберлерінің жүн өңдеу, жіп иіру, тоқыма тоқу өнерлері, құмырашылардың құмыра жасау, оны күйдіру тәсілдері бойынша шеберлік сабақтары өтті. Ұлттық нақышта киінген музей қызметкерлері келі түю, диірмен тарту, күбі пісу, қамыр жаю сияқты асханалық тіршіліктен көріністер ұсынды.

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне арналған «Дара тұлға — Әбу Насыр әл-Фараби» мультфильмі көрсетіліп, мүмкіндігі шектеулі ерекше жандарға «Отырар — ғажайыптар ордасы» атты инклюзивті тақырыптық экскурсия, монгол әсерінің шапқыншылығы, Әбу Насыр әл-Фараби бейнесі сомдалған қойылымдар қойылып, викториналық ойындар ойнатылды.

Ұлттық спорт түрлері: ләңгі тебу, қошқар көтеру, қол күрес, гір тасын көтеру, сонымен қатар, ұршық иіру, қымызмұрындық сайысы ұйымдастырылып, жеңімпаздарға жүлделі сыйлықтар табысталды.



# «БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ» БАЛАЛАР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Еліміздің рухниятаны өшпес із қалдырып, балалар әдебиетінің дамуына өлшесіз үлес қосқан Бердібек Сапарбаевқа биыл 100 жыл. Қаламгердің мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қаламгердің 100 жылдығы тойлана бастады. Бердібек Соқпақбаевтың туған ауылы Нарынқолда еңселі ескерткіші бой көтереді. Сондай-ақ жазушының есімі бірқатар саябаққа, білім ошағы мен облыстық кітапханаға берілмек.

Балалар әдебиетінің бәйтерегі іспеттес Соқпақбаев балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман ұсынды. «Менің атым — Қожа», «Балалық шаққа саяхат», « лгендер қайтып келмейді» туындыларында өзі өмір сүрген заманның шынайы келбетін суреттеді.

Түркістанда меретойға орай облыстық «Балалық шаққа саяхат» балалар фестивалі өтті. Байқауды облыстық мәдениет және туризм басқармасы басшысының орынбасары Ержан Исатаев ашып беріп, жас өрендерге сәттілік тіледі.

Екі бағытта өткен сайыста өңірдің барлық аудан, қаласынан келген шығармашыл балалар мен жасөспірімдер бақ сынады. Біріншісі — балалар арасында көркем сөз оқу болса, екіншісі — театралды қойылымдар. Негізгі мақсаты — облыстың дарынды балалары мен жасөспірімдерін өнерге ынталандыру, олардың шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беру, ұрпақ санасына ұлттық рухты сіңіріп, таным көкжиегін байыту.

Қазылар алқасы үміткердің сахна мәдениетіне, дыбыс тазалығына, орындаушылық шеберлігі мен сахналық киіміне және тағы басқа да қырларына баса назар аударды. Байқауда көркем сөз оқу жанры бойынша Облыстық мәдениет және халық шығармашылық орталығының көркемдік жетекші Асылхан Темірхан, Райымбек Сейтметов атындағы сазды-драма театрының актері Қанат Садықбеков, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дің аға оқытушысы, «Сахна тілі» маманы Салтанат Қырқынбекова төрелік етті. Ал театралды қойылым жанры бойынша Мәдениет саласының үздігі, «Сахна тілі» маманы Ұлбосын Кулетова, Райымбек Сейтметов атындағы сазды-драма театрының актері Нұржан Ізтаев, Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының директоры Мейіржан Алиакбаров төрелік етті.

Әділ қазылар шешімімен көркем сөз оқу жанры бойынша бас жүлдені Шардара ауданынан келген Ділдәбек Асылбек иеленді. Ал Арыс қаласынан келген Абдрахман Ерсін жүлделі І орын иегері атанса, жүлделі ІІ орындар түлкібастық Сыпатай Толғанай мен ордабасылық Демеуов Нұрдәулетке бұйырды. Созақтық Досхан Ахмет пен Бәйдібек ауданынан келген Үсен Балхадиша және түркістандық Сымайылова Шадияна жүлделі ІІІ орын иегері атанды.

Ал театралды қойылым жанры бойынша Ордабасы ауданынан «Жас толқын» балалар тобы «Сұлулық патшалығы» қойылымын сомдап, бас жүлдені қанжығасына байлады. Жүлделі І орын «Таңдау» қойылымын сомдаған Сауран ауданының «Кемел» балалар театрына бұйырды. Жүлделі ІІ орынды иеленген Ордабасы ауданы «Жас толқын» балалар театрының «Сәулелі сезім» қойылымы және Түркістан қаласы «АКА» шығармашылық орталығының жас таланттары сомдаған «Жамбо, Мико және қасқыр» қойылымы болды. Сарыағаш ауданы, «Сөз» балалар үйірмесінің «Менің атым Қожа» көрінісі, Түркістан қаласы «Келешек» балалар театрының «Жеті ойыншықтың жеңісі» қойылымы және Отырар ауданы «Көксарай» балалар театрының «Ертегілер елінде» қойылымы жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Айта кетейік, байқауды облысытық мәдениет және туризм басқармасының қолдауымен, облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы ұйымдастырған.

# ЖӘНЕ ЯССАУИ КЕСЕНЕСІНДЕ

М.Амантұров сандал ошағының столын табыстаса, Сауран ауданы, Қаражон ауылының тұрғыны С.Құрманов жүкаяқ пен тоқыма кілемін, Майдантал ауылының тұрғындары Қ.Арынова жіп иіруге арналған ұршығын, Ұ.Бектасова тағам салуға арналған пәтнусын, К.Абылаева кебежесін, Г.Исмаилова диірмен мен ұршықтың басын, Б.Ералиева екі дана май шамдарын музей қорына табыстады. 2023 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күмбезінде жүргізілген тазалық жұмыстары кезінде табылған Әмір Темір дәуірінің тиындары, ұстаның бәкісі, Ескі Түркістан қаласынан кездейсоқ табылған құмыралар, музей қызметкерлері М.Тұяқбаев пен Н.Таңатровтардың этнографиялық бұйымдары да музей қорын толықтырды.

Шарада халықтың қолынан жиналған этнографиялық, археологиялық, нумизматикалық, жазба ескерткіштері музей қорына сый ретінде қабылданып, келген қонақтарға «Сыйға берілген жәдігерлер» көрмесі таныстырылды. Көрме экспозициясына музей қорынан 100-ден аса жәдігерлер қойылды. Көрме бір ай келушілерге қызмет жасайды.

Ал 17 мамыр күні сонымен қатар тарих ғылымдарының кандидаты, археолог-ғалым М.Тұяқбаевтың «Күлтөбе қаласының тарихи кезеңдері» тақырыбында офлайн-онлайн дәрісі өтсе, Халықаралық музейлер күні мерекесінің екінші күні «Музей түні» шарасымен жалғасты.

18 мамыр - Халықаралық музейлер күніне орай Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде "Музей түні" шарасының ресми ашылуы өтті. "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының директоры М.Садықбеков мәдени-көпшілік шараны ашып, көпшілік шараның мән-мағынасына тоқталды. "Жас хикметшілер әуезі" тақырыбында хикмет орындаған оқушыларды арнайы алғыс хатпен марапаттады. Р.Сейтметов атындағы сазды-драма театрының әртістерінің қатысуымен "Абылай ханның Ясауи кесенесіне зияраты" тақырыбында тарихи қойылым көпшілікке көрсетілді.

Сондай-ақ, музей қызметкерлері келген қонақтарға арнап Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар кейіпкерлері ретінде арнайы экскурсиялар ұйымдастырды. Атап айтқанда, Абылай хан, Қазыбек би, Бопай ханша, Аманбике ханым (Жәнібек ханның қызы), Қабанбай батыр, Ханым бике, Шорнағат хан, Кәмилә ханым (Шақшақ Жәнібектің анасы), Қарашаш ана (Абылай ханның бәйбішесі). Шара соңында туристер мен қала қонақтарына Көреген Әмір Темір дәуірінен бастау алған "Хәлім ботқа" асы мен бауырсақ үлестірілді. Шараға келген туристер мен қонақтар мәдени- көпшілік шараның куәсі болып, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Дәл осы күні Хикметтер көк аспанда қалықтады. «Ясауитану 2024" республикалық байқауына Түркістан қаласы мектептерінен қатысқан сайдың тасындай 10 хикметші "Жас хикметшілер әуезі" тақырыбында Құл Қожа Ахмет Ясауидің "Диуани хикметтерін" орындады. Түркістанға алыс-жақыннан келген қонақтар Ясауи бабамыздың хәл хикметі ілімінен сусындап қайтты.

Құмырашы А.Рысбаев пен ағаш ұстасы Г.Күнқожаев шеберлік сағаттарын өткізді.

